

Оқушыларды шығармашылыққа баулу арқылы оқу іс -әрекетінің тиімділігін арттыру

Магистр Еркаева М.Қ., профессор Көкшеева З.Т.

Ш. Есенов ат. Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, (Ақтау, Қазақстан)

Оқу іс -әрекетінің тиімді әрі жемісті болуы үшін оң мотивацияның маңызы зор екендігі Г. Клаус, В.А. Якунина, Н.И. Мишквалармен дәлелденіп, төменгі мектеп жасын қамтыған. Дейтұрғанмен, бұл зерттеулерде көбінесе анкета, сауалнамалар немесе стандартты тесттер қолданылғаны мектеп психологтары үшін біршама қиындық туғызды. Себебі, мұнда әр баланың индивидуалды ерекшеліктеріне (қабылдау жылдамдығы, ойлау, есте сақтау, зейін деңгейі) байланысты топтық жұмыс жасау қиынға соғады, олармен жеке жұмыс жасау өте ұзақ уақытты талап етеді. Мысалы, бір сауалнаманы жазу үшін, бір баламен орташа алғанда 10-15 минут жұмыс жасау керек болса, бір сыныпты диагностикалауға шамамен 375 минут, яғни 6,5 сағат уақыт керек. Мұндай ұзақ уақытта олардың сабақ кестесімен, күн тәртібімен сәйкестендіру өте күрделі.

Оқу іс -әрекетінің тиімді және жемісті болуы үшін, оң мотивацияның зор екендігін Г. Клаус, В.А. Якунина, Н.И. Мишквалармен дәлелденген. Әсіресе бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясы көп қарастырылған. Осы зерттеулердің нәтижелерін талдау барысында мынадай қорытынды жасауға болады. Бастауыш сыныпта, әсіресе бірінші және екінші сыныпта бала өз қалауымен оқиды, жақсы оқығысы келеді. Себебі ол өзінің жаңа статусына («мен оқушымын», «мен үлкенмін») сәйкес келгісі келеді. Ал мектептің орта буынында оқу мотивациясының төмендеуі байқалады екен. Осы мәліметтерге сүйене отырып, оқу мотивінің негізгі үш түрін бөліп көрсетуге болады:

- Сырытқы түрткі – алдағы өміріне бағдарлану, яғни бала болашақта жоғарғы оқу орнына түсіп, жақсы жұмысқа орналасу үшін оқиды.(әсіресе жоғарғы сынып оқушыларында кездеседі.
- Ішкі түрткі - өз қабілеттіліктері мен бейімділіктеріне бағдарлану, яғни бала өзінің қабілеттіліктерін сезінетін пәндерді қызыға оқиды;
- Жағдайлық түрткі – пән мұғалімінің ұнауы, сабақтың жақсы ұйымдастырылуы, балаға оқу материалының не үшін керек екендігі түсінікті болған жағдайда және т.б себептер. Бұл түрткіні әдетте тәжірибелі мұғалім актуалдандыра алады.

Олай дейтініміз, бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа оқушыларды қызықтыру, мотив беру, оған дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет. Осыған орай, ғалымдар жүргізілген тәжірибе барысында, бастауыш циклдағы барлық пәндердегі білім мазмұнында оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуы басты нысана болып алынуымен байланысты, оқулықтарда берілген тапсырмалардан басқа

өздігінен бақылау жүргізу, қарапайым тәжірибе, эксперимент қою, мәтінмен, сызбамен, суретпен, диаграммамен жұмыс істеу, жекеден жалпыны шығару, жалпыны жекелей қолдану т.б. сияқты оқушыны іскерлікке, дербестікке баулитын, ойына түрткі болып, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, айналадағы дүниемен қарым-қатынысқа түсіретін, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің «қызығына» бөлейтін әдіс-тәсілдер мен мазмұндық ойындар, қызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отырылуы біз көтеріп отырған мәселені нәтижелі ететіндігіне келіп саяды.

Оқушының шығармашылық іс-әрекетіне жағдай туғызу - оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннен шығармашылық қабілетті талап етпес бұрын, оны қызықтыра отырып, соған үйреткен жөн. Оқушының зейіні, есі, қиялы, интеллектісін дамыта отырып, ойлау қабілетін, шығармашылық іс-әрекетін жоғары деңгейде көтеруге болады.

Жаңа заман талабына сай оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту барысында қабілетті балаларға білім беруде, әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу, бір жағынан, қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан, ерекше дарынды балалардың жеке өзіндік интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы — ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды.

Шығармашылық әрекет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырын жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Оқушыны шығармашылыққа баулу, өз еңбегінің нәтижесін көруге, оны бағалауға бағыттау – өте күрделі үрдіс. Оқушының шығармашылық мүмкіндігі оның жеке тұлға ретінде қалыптасу үрдісінде пайда болады. Егер шығармашылық оқушының жас кезінде бағалы бағдар болып орнықпаса, онда болашақта оның қалыптасуы екіталай. Сондықтан да, оқушылардың шығармашылық әрекетін ұйымдастырудың алғышарттарының бірі олардың өздігінше орындайтын жұмысы болып табылады. Шығармашылыққа баулу бағытында төменгі сынып оқушылармен жұмыс ерекшеліктеріне тоқталып кеткен жөн:

- төменгі сынып оқушылары небір дүниені қиялында қиыстыра алғанымен олардың қиялы тұрақтап, бір образды сюжетті ұстап тұра алмайды, алдын ала ой, идея, мақсат тұмайды. Ой-қиял тұрақсыз болғандықтан, оны әрбір тапсырма міндет төңірегінде тұрақтандыру өте қиын. Мұғалімнің міндеті баланың қиялын, ойын белгілі мақсатқа бағыттай білу. Сонда ғана керемет образ тууы мүмкін;

- төменгі сынып оқушылары шығармашылыққа өте белсенділік

көрсеткенмен, оны тек ойын ретінде қабылдайды. Сондықтан әдеби жаттығу, тапсырмалар ойын үлгісінде берілуі керек;

- төменгі сынып оқушылары бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге шыдамсыз. Сондықтан педагог міндеті баланы үздік создық фантазия элементтерін емес, көлемі шағын, мазмұны жеңіл болса да, тұтас композициялық туынды әкелуге жетектеу;

- төменгі сынып оқушыларында өзіндік сын мүлдем жоқтың қасы. Олар үлкендік сын ой пікіріне қатты сүйенеді. Міне осы жағдай ситуацияларда педагогтік көреген көз бен қабілет керек. Оқушының қателескен жерін дәл тауып айта білуі және оқушының көзін жеткізе білуі керек.

Осы орайда шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыруда сыннан өткен мынадай түрлерін алуға болады: тақырыпты мазмұнына сай жинақтау; белгілі бір тақырыпта пікір талас тудыру; сөзжұмбақ құрау, шешу; шығарма, шағын әңгіме, мәтін құрау; әңгіменің ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыру, бөліктерге бөлгізу, тақырып қойғызу; қиялдау арқылы суретін салдыру, рөлге бөліп оқыту; ұнатқан кейіпкеріне мазмұнына кері әңгіме құрату; мазмұндама түрлерін жазу;- адасқан сөзді орнына қойдыру.

Бастауыш сыныпта математика, ана-тілі, қазақ тілі, еңбекке баулу, дүниетану, өзін-өзі тану, дене шынықтыру, бейнелеу өнері сабақтарында және мектептен, сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруға мол мүмкіндік бар деп санаймыз. Мысалы, «Соңғы алма» сюжетті суреті бойынша әңгіме құрастырып жазуға тапсырма беріледі. Мұрат бақтың ішімен келе жатып, ағашта қалып қойған бір жалғыз алманы көріп қалды... Ары қарай не болуы мүмкін? Оны өздерің аяқтап жазыңдар», - деген мәселе алдарына қойылды. Әр оқушы суретке қарап әңгіме құрастырады, яғни өзіндік көзқарасы, қабілетіне орай әр оқушы шығарма жазады, шығармашылық қабілетін арттырады. Осылайша, оқушылардың шығармашылық қабілеттілігі күнделікті оқу процесінде қалыптаса бастайды. Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасайтын мұғалім дәл осы жас кезеңі ақыл-ой әрекетіне қызығушылық пен қажеттілікті тудыратынын естен шығармауы тиіс. Егер ол бастауыш мектепте қалыптаспаса, жасөспірім шақта шығармашылық бағытта жұмыс жасау өте қиынға соғады. Баланың бастауыш сыныптан бастап шығармашылық қабілеттерін дамыту, өз бетіне шешім қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға, оларды шығармашылық бағытта жан- жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Әр мұғалім шығармашылықпен жұмыс істеген жағдайда ғана еліміздің саналы, дарынды азаматтарын тәрбиелеп шығаруға мүмкіндік бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қадірова Б.Н. Оқушылардың шығармашылық әрекетін дамыту – ғылыми-педагогикалық проблема. // Білім-Образование. – 2014
 2. Бапаева М.Қ, Әбеуова И. Ә, Бапаева С.Т.Тұлға психологиясы.Алматы, «Нұрлы әлем».2010
 3. Занков.Л.В. Обучение и развитие.М.1975.311с.
- Әмірова Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру. – Алматы, 2019